

MEVLANA АЛМАСУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Mevlana алмасу бағдарламасы – Түркияның Жоғары білім беру жөніндегі Кеңесімен танылған және Түркияның жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық қатынастар орнатқан шетелдік жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылары мен білім алушылары қатыса алатын халықаралық алмасу бағдарламасы. Бағдарлама Түркия ЖОО-ларында білім алушыларға белгілі бір академиялық кезеңде білім алуға, профессор-оқытушыларға белгілі бір академиялық кезеңде дәріс-семинарлар жүргізіп, тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

Бағдарламаға қатысуға қойылатын талаптар

Білім алушылар үшін (бакалавриат, магистратура, докторантура):

- Қазақстан Республикасының азаматы болу;
- Mevlana алмасу бағдарламасына бұрын қатыспаған болу;
- Ағылшын немесе түрік тілін жақсы білу (шетел тілін меңгеру деңгейін растайтын сертификат);
- Орташа GPA балл: бакалавриат үшін – кемінде 2,5; магистрантура мен докторантура үшін – кемінде 3,0.

Профессор-оқытушылар құрамы үшін:

- Қазақстан Республикасының азаматы болу;
- Mevlana алмасу бағдарламасына бұрын қатыспаған болу;
- Ағылшын немесе түрік тілін жақсы білу (шетел тілін меңгеру деңгейін растайтын сертификат);
- Түйіндеме, жарияланымдар тізімі, дәріс / семинар жоспары;
- Аптасына кемінде 6 сағат дәріс оқу.

Қаржыландыру

Білім алушылар үшін:

Mevlana алмасу бағдарламасы бойынша білім алушылар қабылдаушы университетке оқу ақысын төлемейді. Mevlana алмасу бағдарламасы білім алушыларға Түркия Жоғары білім кеңесінің (YOK) қолдауымен ай сайынғы 1200-1300 TL шәкіртақымен ақысыз негізде оқуға мүмкіндік береді. Шәкіртақы білім алушыларға қабылдаушы университетке келгеннен кейін 4 ай бойы ай сайын төленеді.

Профессор-оқытушылар құрамы үшін:

Mevlana бағдарламасы мұғалімдердің күніне 45-55 TL көлеміндегі күнделікті шығындарын жабуға қаражат бөледі. Сондай-ақ, 3000-3500 TL көлемінде жол жүру шығындарын жабуды қамтамасыз етеді.